

## Мақаланы ресімдеуге қойылатын талаптар

### Титул парағына мыналар кіреді:

- 1) мақаланың тақырыбы оның мазмұнын және мақалада көтерілген мәселені көрсетеді;
- 2) авторлар тізімі, үлестестік;
- 3) мақала мазмұнының сипаттамасы, оның қосқан үлесі, жаңалығы, көтерілетін мәселелер мен негізгі нәтижелер, сондай-ақ негізгі тақырыптың сипаттамасы, объектінің проблемалары, жұмыстың мақсаты мен оның нәтижесі қамтылатын аннотация. Ұсынылатын көлемі – 150 сөз;
- 4) автор болып табылмайтын адамдар тарапынан ескертпелер, дисклеймерлер және қосқан үлесін тану;
- 5) мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы ақпаратты жария ету;
- 6) негізгі сөздер;
- 7) жұмысты JEL-сыныптау. Сыныптауыш <https://www.aeaweb.org/econlit/jelCodes.php?view=jel> сілтемесі бойынша қолжетімді.

### Мақаланың мәтінін ресімдеу

1. Ең жоғары көлемі 10 000 сөзден тұратын мақаланың мәтініне тек қана маңызды сандық өзгерістерді көрсету және тұжырымдарды растау үшін қажет цифрлық деректердің ең аз саны кіреді.

Цифрлық деректер кестелерге енгізілуі керек.

Графика деректері кестеде келтірілген деректерді қайталамауға тиіс.

2. Мақала беттерінің нөмірі беттің төменгі оң жағында орналастырылады.

3. Қарпі – Times New Roman, қаріп өлшемі 12, жол арасындағы аралық – бір, азат жол – 1,25 см, туралау – беттің ені бойынша.

4. Санның бүтін бөлігі бөлшек бөлігінен үтірмен бөлінеді (235,7). Ақшалай және пайыздық есептеулерде үтірден кейін 1 таңба көрсетіледі.

5. Мәтінде әр кестеге, графикаға, схемаға және қосымшаларға сілтеме болуы міндетті («(1-кесте)», «(1-сурет)», «(1-схема)», «1-қосымша, 2-кесте»).

### Кесте, графика, схемаларды ресімдеу

1. Кесте мен графиканы және схемаларды редакциялау және пішімдеу мүмкіндігі болуы керек.

2. Кесте, графика, схемалар рет-ретімен нөмірленеді («1-кесте», «2-графика», «3-схема»). Кестенің, графиканың, схеманың нөмірі жоғарғы оң жақ шетінде орналастырылады, қарпі – Times New Roman, қаріп өлшемі – 12.

3. Кестенің, графиканың, схеманың атауы жоғарғы жағында ортасында орналастырылады, Times New Roman қалың қарпі, қаріп өлшемі – 12.

4. Графика, кесте, схема ішіндегі қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі – 10-8.

#### **Қосымшаларды ресімдеу**

1. Қосымшаларда салыстырмалы түрде дербес және аса ірі көлемде ақпарат беріледі.

2. Қосымшалар рет-ретімен нөмірленеді («1-қосымша», «2-қосымша»). Қосымшаның нөмірі жоғарғы оң жақ шетінде орналастырылады, қарпі – Times New Roman, қаріп өлшемі – 12.

#### **Әдебиет тізімін ресімдеу**

1. Әдебиеттер тізімі мақаланың соңында келтіріліп, мақаланың бүкіл мәтінінде оларға сілтемелердің пайда болуына қарай өспелі нөмірлеумен жалпы тізімі ретінде ресімделеді.

2. Дереккөздер тізімі Harvard Reference System стилінде беріледі. Тізімге мақаланың мәтінінде келтірілген дереккөздер ғана енгізіледі.